«ЖЕРГІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА, ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

ҚАЗАЛЫДА «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Қазалыда «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының аудандық іріктеу кезеңі өтіп, үздіктері анықталды. Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша бас жүлдені жеңіп алған Мырзағұловтар отбасы мен бірінші орын иегері Ібайдуллаевтар отбасы Қызылорда қаласында өтетін облыстық байқауға қатысуға жолдама алды.

Бүгін аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының аудандық іріктеу кезеңінде жеңіске жеткен отбасыларды қабылдап, жеңімпаздарды түрлі номинациялармен және аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапаттады.

Айта кетейік, өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы жыл сайын ұйымдастырылып отырады.

Биылғы жылы Қазалы ауданы бойынша байқауға 29 отбасы өтінім беріп, комиссия отырысында қаралды.

«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ А.ХАЙБУЛИНА

«ЖЕРГІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА, ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ФОТОСУРЕТТЕРІ





«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **А.ХАЙБУЛИНА**

«ЖЕРГІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА, ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН ІС-ШАРА ШЫҒЫНДАРЫ

Р/С	Іс – шара атауы	Алынған заттар тізімі	Шығыны
1	«Мерейлі отбасы» байқауы	*1.* Әсел пеш *2.* Тефалдар 6 дана *3.* Набор қасықтар *4.* Миксер *5.* Үлкен тефаль *6.* Ыдыстар *7.* Қазан *8.* Гүл букет 12 шт *9.* Рамка А3 (*5 дана)* *10.* Рамка А4 (*15 дана)*	**266 000 тг**
2	"Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен- Ана" атты аудандық келіндер сайысы	*11.* Пеш *12.* Үлкен тефаль *13.* Набор кесе *14.* Субинер *15.* Кіші тефаль *16.* Микоржылытқыш *17.* Рамка А4 (*15 дана)*	**142 000 тг**
3	Айлық жалақы Жоба үйлестіруші	*18.* Айлық жалақы	**50 000 тг**
БАРЛЫҒЫ: 458 000 тг			

«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **А.ХАЙБУЛИНА**

«ЖЕРГІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА, ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

«БІР ҚОЛЫМЕН БЕСІКТІ, БІР ҚОЛЫМЕН ӘЛЕМДІ ТЕРБЕТКЕН- АНА» АТТЫ САЙЫС

Қазалы аудандық ішкі саясат бөлімінің тапсырысымен «Жергілікті әйелдер кеңестері жұмыс дамыту және отбасы мен неке құндылықтарын насихаттау бағытында, шараларды ұйымдастыру қызметі» әлеуметтік жобасы аясында Қазалы Ішкі Саясат Бөлімінің қолдауымен, Қазалы Аудандық Әйелдер Кеңесі, Қазақстан Жастары қоғамдық бірлестіктері мен Алға Ауылдық Округі әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында "Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен- Ана" атты аудандық келіндер сайысы өткізілді.

Сайысқа Майдакөл округінен қатысқан Байділдаева Жұмагүл "Өнерлі келін", Қазалы қаласынан Ахметова Анар "Шебер келін", Арықбалық Ауылдық Округінен Алпысбаева Гүлсая , "Ибалы келін", Алға ауылдық округінен Дәулетжанова Назерке "Өнегелі келін", Шакен ауылдық округінен Байнаева Гүлжайна "ҮЗДІК КЕЛІН-2021" номинациясымен марапатталды.

Сайысқа қатысушы келіндерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар және "Орымбет ишан" мешітінің имамы Ғабдулла қажы тағайындаған "Әлиева Жібек" атындағы арнайы ақшалай сыйлық табыс етілді.

Қазақ даналығында "Келіні жақсы үйдің керегесі алтын"- дейді. Бұл келіннің сол барған шаңырағында өсіп-өніп, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіре жүріп, бала келіндіктен дана келіндікке жеткен тұсы болса керек. Ене мен келін арасындағы үлкен сыйластық, татулық, ауызбіршілік үй ішінің берекесін кіргізіп, несібесін арттыратыны аян.

«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **А.ХАЙБУЛИНА**

«ЖЕРГІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА, ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН «БІР ҚОЛЫМЕН БЕСІКТІ, БІР ҚОЛЫМЕН ӘЛЕМДІ ТЕРБЕТКЕН - АНА» АТТЫ САЙЫСТЫҢ ФОТОСУРЕТТЕРІ



«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **А.ХАЙБУЛИНА**